

Әбділдә Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 маусымдағы N 911 Қаулысы

"Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 28 қыркүйектегі N 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның халық ақыны Әбділдә Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 6

м а у с ы м д а ғ ы

N

9 1 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстанның халық ақыны Әбділдә Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Әбділдә Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған кітаптар шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жыл бойы	017 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" республикалық бюджеттік бағдарламасы	1360,0
2.	Әбділдә Тәжібаевтың өмірі мен қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жыл бойы	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	1599,0
3.	Әбділдә Тәжібаевтың 100 жылдығына арналған оқырмандар конференцияларын, кітап көрмелерін, әдеби-сазды кештер және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу	Қызылорда облысының әкімі	2009 жыл бойы	Талап етілмейді	

4.	"Сырда туған жаңа Гейне мен болам..." атты ақындар айтысын өткізу	Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	2146,9
5.	"Шабытым жайсын қанатын" атты ақындар конкурсын өткізу	Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	1882,6
6.	"Әбділдә Тәжібаевтың ақындық әлемі" атты ғылыми-теориялық конференция өткізу	Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	890,6
7.	Әбділдә Тәжібаевтың 100 жылдығына арналған концерт өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жылғы тамыз	011 "Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	3636,09
8.	Әбділдә Тәжібаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиын мен Қазақстан өнер шеберлерінің концертін ұйымдастыру	А л м а т ы қаласының әкімі	2009 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	1568,0
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет	6595,09 6488,1